

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ӘЛЕМ

ҚАЗАҚСТАН ЯДРОЛЫҚ ҚАРУДАН АЗАТ ӘЛЕМДІ ҚОЛДАЙДЫ – БҰЛ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР НЕ БІЛЕДІ

«Ядролық қарудан азат әлемге қол жеткізуге шақыру» сияқты Қазақстанның сыртқы саяси бастамасы туралы қазақстандықтардың не білетіндігі туралы әлеуметтанулық сауалнаманың нәтижелерін ұсынамыз.


29 тамыз - Семей сынақ ядролық полигонының жабылған күні. Бұл оқиға 30 жыл бұрын болған! 1949 жылы 29 тамызда Семей қаласының маңындағы сынақ полигонында алғашқы атом жарылысы болды. Соңғы сынақ полигонда 1989 жылы өтті. Ал 1991 жылы Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің Жарлығымен әлемдегі ең ірі ядролық сынақ алаңдарының бірін, біржақты біржолата жапты.

18 жылдан кейін, 2009 жылы, осы оқиғаны еске алуға арналған БҰҰ Бас ассамблеясының сессиясында Қазақстанның бастамасымен **29 тамызды - Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимылдың күні деп жариялау туралы қаулы қабылданды**, ол адамдарға ядролық қарудың сынақ жарылыстарының салдары және кез келген басқа ядролық жарылыстар туралы белсенді түрде ақпарат беруге және оларды тоқтату қажеттілігі туралы хабардар етуге бағытталған.

2012 жылы дәл осы күні, 29 тамызда Астанада Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күніне арналған «Ядролық сынақтарға тыйым салудан ядролық қарудан азат әлемге» халықаралық форумында сөйлеген сөзінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев АТОМ (ағылш. Abolish Testing. Our Mission – «сынақтарды тоқтату. Біздің міндетіміз») жобасын, халықаралық білім беру және ақпараттық-түсіндіру науқанына бастамшылық жасады, ол әлемдік қоғамдастықты ядролық қару сынақтарына және нәтижесінде ядролық қаруға қарсы тұруға шақыруға бағытталған.

Әлеуметтанулық сауалнама нәтижелері бойынша **сауалнамаға қатысқан қазақстандықтардың 65,4% Қазақстанның мұндай бастамасы туралы біледі, ал оны респонденттердің 56,2% қолдайды.**

Біз бұқаралық ақпарат құралдары, білім беру мекемелері, қоғам және тарихшылар қазіргі кезде және болашақта қазақстандықтарды еліміздің өміріндегі маңызды тарихи сәттер туралы барынша ақпараттандыруға және олардың әрқайсымыз үшін де, бүкіл әлем үшін де маңыздылығын түсінуге үлес қосады деп сенеміз!



1-сурет. Сіз Қазақстанның «Ядролық қарудан азат әлемге қол жеткізуге шақыру» секілді сыртқы саяси бастамасы туралы білесіз бе?
Сіз оны қолдайсыз ба, жоқ па?

Зерттеу әдістемесі:

Сауалнама әдісі – маршруттық квоталық іріктеме негізінде тұрғылықты мекенжайы бойынша респондентпен сұхбат. Іріктеме – республикалық маңызы бар 3 қала және 14 облыстағы 54 қалалық елді мекен және ауылдық жерлердегі 18 жастағы және одан асқан 1500 респондент. Статистикалық қателік 3,5%-дан аспайды. Өткізілу мерзімі – қараша 2020 ж.